

Бағдарлама авторы және мектептің жетекшісі филология ғылымдарының кандидаты, доцент Құрманбаева А.Ә.

Көшбасшы әйелдер мектебінің жұмыс жоспары

Нақты аудитория: жастар, студент -қыздар

Сабақ атаулары

Дәріс атаулары	Қысқара мазмұны	Пайдаланылатын әдебиеттер
1 дәріс. «Қазақстанда әйелдер мен ерлер үшін тең мүмкіндіктер: бүгінгі болмысы мен келешегі»	Қазақстандағы гендерлік саясатты дамыту екі саяси құжатқа: ҚР гендерлік саясат тұжырымдамасы мен ҚР дағы 2006-2016 жылдарға арналған гендерлік теңдік стратегиясына негізделеді. Ұлттық комиссия 2009–2011 жылдарға арналған стратегияны орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірледі және ойдағыдай іске асыруда. Алайда, жоспарды іске асыру үшін Ұлттық комиссияның үкіметтік емес сектормен тұрақты байланыс орнатуы, әлеуетті нығайтуы, аумақтық комиссия қызметкерлері мен оның әріптестері үшін білім беруі, сондай-ақ комиссияның өзінің институционалдық әлеуетін күшейтуі қажет.	1.Сыздықова С. М. Қазақстандағы гендерлік саясат және оның жеке адам еркіндігіне ықпалы Саясат. - Алматы, 2009. - № 3. - С. 85-87. 1. Ахметова Л.С., Веревкин А.В., Лифанова Т.Ю. и др. Политическое продвижение женщин. – Астана, 2010. 2. Темкина А.А. Женский путь в политику: гендерная перспектива // Гендерное измерение социальной и политической активности в переходный период. СПб.: Центр независимых социальных исследований, 1996. 3. Шестопал Е.Б. Психология политики. М., 1989.
2-дәріс. «Гендірлік саясатта ұлттық болмысты ұғындыру»	Шаңырақ көтеріп, отбасын құрып жатқан жастардың саны қазір көбеюде. Олардың некелері берік болу үшін мемлекет тарапынан да ықпал жасалу керек. Отбасындағы бірлік пен татулықты қамтамасыз ету үшін алдымен оған жағдай туғызу қажет. Мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан көмектердің барлығы жас отбасылар үшін үлкен қолдау болды. Еліміз дамыған сайын оның халқының әл-ауқаты жақсарып келеді. Өкінішке қарай, кезек күттірмей шешілуі тиіс мәселелер де аз емес. Бір ғана мысал, елімізде ажырасқан отбасылардың саны өткен жылдың өзінде 36,1 мыңды құрап отыр. Ал қиылған некенің саны 146,3 мың. Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның негізгі басымдығы осы – отбасы	1. Берн Э. Люди которые играют в игры. Игры, в которые играют люди. – М., 1998. 2. Румянцева Е. На пути к взаимопониманию. – М., 2002 3. Ярошевский М.Г. Программно- ролевой подход к исследованию научного коллектива. «Вопросы психологии», 1978, №3.

	мәселелері. 2006-2016 жылдарға арналған еліміздегі. Демографиялық мәселелер халықтың әл-ауқаты артқан кезде шешіледі. Жас отбасыларға мемлекет тарапынан барынша жағдай жасау бұл түйткілді мәселелерді шешудің алғышарты болып табылады.	
3-дәріс. "Әйел – бір қолымен бесік тербетсе, бір қолымен әлемді тербетеді"	Тәуелсіздік алғанымызға 20 жыл толмаса да еліміздің жаһандық саясатта шеберлік танытып, халық пен ел абыройын еселеуде көптеген жерлерде жеңіске жетіп, үлгі-өнеге көрсетіп жүргенін дөңгеленген дүниенің барлық сырынан хабардар мемлекеттер жақсы біледі. Сондықтан да әлем елдерінің алдындағы оң саяси имиджімізді бұдан да мықтырақ ету үшін демократиялық қағидаттарға негізделген гендерлік саясаттың арнасын кеңейтуіміз керек. Ешқашан да толастамайтын, ешуақытта да өзінің өзектілігін жоймайтын "гендерлік саясат" деген термин төңірегіндегі дөңгелек устелде талқылаулар болады.	1. Халан И.С. Управление временем. – СПб., 2006 г. 2. Абрамовский И. Практический курс по Тайм Менеджменту. – М., 2009 3. Горбачев А. Тайм-менеджмент. Время руководителя. – М., 2004
4-дәріс. «Ұлттық гендерлік саясаттың маңызы»	Гендерлік саясатты жүзеге асыруды ақпараттық қолдау Мәдениет және ақпарат министрлігінің бюджеттік бағдарламаларынан мемлекеттік тапсырыс аясында атқарылады. 2005 жылмен салыстырғанда 2010 жылы теле-радио бағдарламалардың саны 2,5 есеге, ал мерзімді баспасөздегі жарияланымдар 1,5 есеге артқан. "Гендерлік теңдікті дамыту және күшейту, әйелдер мен ерлер құқығына қатысты қоғамдық санадағы жағымсыз таптаурын көзқарастардан арылу" тақырыбындағы мемлекеттік ақпараттық саясат аясында 2010 жылы электронды ақпарат құралдарына 18 млн. теңге, мерзімді БАҚ-тарға 37,5 млн. теңге бөлінген. Атқарылған жұмыстарды халыққа жеткізуге 13 БАҚ атсалысты.	1. Сыздықова, Сауле. Қазақстандағы гендерлік саясат және оның жеке адам еркіндігіне ықпалы 1. Ахметова Л.С. Конфликтология. Учебное пособие. – Алматы, 2003. 2. Ахметова Л.С., Вережкин А.В., Лифанова Т.Ю. Разрешение социальных конфликтов. Методическое пособие – Астана, 2010. 3. Анцупов А.Я., Шипилов А.И. Конфликтология. – М., 2001
5-дәріс. «Гендерлік	Еуропадағы қауіпсіздік пен	1. Александров Д.Н. Риторика:

тепе-теңдік негіздері»	ынтымақтастық Ұйымы /ЕҚЫҰ/ қызметінің басты бағыттарының бірі ретінде азаматтардың құқықтарының және демократиялық қағидалардың сақталуын, гендерлік баланстың қозғалысын, кемсітудің барлық нысандарының жойылуын айтуға болады. Еліміздегі демократиялық процестің маңызды бөлігінің бірі – ұлттық гендерлік саясат. Мемлекет басшысының Жарлығымен бекітілген, 2006-2016 жылға арналған Қазақстан Республикасындағы гендерлік теңдік стратегиясы негізінен қоғам мен биліктің тиімді әркет ете отырып, ерлер мен әйелдер арасындағы теңдікке қол жеткізуге бағытталған. Мұндай бағдарлы құжаттың болғандығының өзі ел басшылығының әйелдердің жағдайын нақты жақсартуға бағытталған саяси ниетін аңғартады және мемлекеттік саясаттың маңызды компоненттерінің бірі болып табылады. Біздің елімізде гендерлік теңдік мәселелерінде белгілі бір жетістіктерге қол жеткізілді, сонымен қатар, нормативтік-құқықтық база да жетілдірілуде. 2009 жылдың желтоқсанында гендерлік бағыттаушы заңнама аясында «Тұрмыстық зорлықтың алдын-алу туралы», «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтары мен тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдігі туралы» Заңдар қабылданған. Азаматтық қоғам ұлттық гендерлік саясатты жүзеге асыруға, өмірдің барлық сфераларында гендерлік теңдікке қол жеткізу механизімін дайындауға белсенді түрде қатысуда. Бұл семинардың өзектілігі де осында»	Уч. пособие для вузов. – М., 2000 2. Ваганова Д. Риторика в интеллектуальных играх и тренингах. – М., 2001 3. Леммерман Х. Уроки риторики и дебатов: – М., 2002.
6-дәріс. «Журналист қыз-келіншектердің бұқаралық ақпарат құралдарында	- еліміздің дағдарыстан кейінгі тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін жұмыла күш салу; - барлық атқарар істерімізде «адам - еліміздің басты байлығы», «ерлер мен	1. Ахметова Л.С. Пресс-релиз. Пресс- конференция. Опыт работы – Алматы, 2008. 2. Уилкокс Д. Как создавать PR-тексты и эффективно

алатын орны»	әйелдер мүмкіндіктерінің теңдігі» қағидатын басшылыққа алу; - «өңірлердің дамуы еліміздің дамуы» болып табылатындықтан, Қазақстанның 2020 жылға дейінгі Стратегиялық жоспарын іске асыру жолында барлық күш-жігерімізбен еңбек ету; - салауатты өмір салтын қалыптастыру, ана мен баланы қорғау, отбасы институтын нығайтуға шынайы мән беру; - мәдени салт-дәстүрлеріміз бен руханиятымызды қайта жаңғырту, адамгершілік құндылықтарды насихаттау жұмыстарын жалғастыру; - қоғамдағы әлеуметтік қауіптер – маскүнемдікке, нашақорлыққа, сыбай-лас жемқорлыққа, діни экстремизм мен терроризмге белсенді түрде қарсы тұру; - қоғамдағы тұрақтылыққа және азаматтардың әл-ауқатына кері әсерін тигізетін дағдарыстық және проб-лемалық жағдайлардың алдын-алу; - ұлтаралық және дінаралық келісімді және қоғамдық-саяси тұрақтылықты сақтап, нығайтуға шақырамыз.	взаимодействовать со СМИ — М., 2004. 3. Ольшанский Д. Политический PR. – СПб. 2003
--------------	---	---

Әдістемелік жұмыстың негізі: Бүгінгі таңда Ұлттық комиссияның басты міндеті Қазақстан Тәуелсіздігінің 20 жылдығын мерекелеу шеңберіндегі іс-шараларға дайындық және оларды өткізу болып табылады. Таяуда ғана Мемлекет басшысының қатысуымен өткен Қазақстан әйелдерінің съезі арулардың ел дамуындағы маңызды рөлін тағы да дәлелдеп, гендерлік және отбасылық-демографиялық саясаттың одан әрі даму перспективаларын айқындап берді. Сондай-ақ гендерлік аспектіні ескере отырып, Қазақстанның Ислам Конференциясы Ұйымына төрағалығына байланысты мәселелер де күн тәртібінде. Әйел-ана, отбасы және балалар құқықтарын қорғау саласындағы біздің табыстарымыз әлемдік ауқымда кеңінен мойындалып отыр. Бұл орайда «Ғаламдық гендерлік айырмашылық – 2010» атты дүниежүзілік экономикалық форум баяндамасының қорытындысы бойынша біздің республикамыз Еуроодақтың 14 мемлекетін артқа қалдырып, 134 елдің ішінен 41-орынды иеленгенін айтуға болады. Әдістеменің негізі: тренинг, іскерлік ойындар, тапсырманы дұрыс ойлап шешу, ойынды ортаға ашық қысқа мазмұнды етіп жеткізе білу, адамдар арасында беделінді биік ұстай білу т.б. үйретіледі.